

№56 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша

БҰЙРЫҚ

Ақтөбе қаласы № 104/51

«01» 09 2023ж.

**«Пәндік әдістемелік бірлестік
жетекшілерін тағайындау туралы»**

Білім мекемесіндегі әдістемелік қызметтік негізгі құрылымдық белгі әдістемелік бірлестіктерді құру, бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу үшін, пән бойынша оқу-тәрбие, өзара тәжірибе алмасу арқылы сабақ беру әдістемесін жетілдіру, педагог мамандардың кәсіби біліктілігін көтеру, педагогикалық эксперименттерді жүргізу, мектептің алға қойған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда оқу үдерісін іштей және қашықтықтан ұйымдастыру мақсатында қоғамдық жұмыс негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоғамдық жұмыс негізінде жекелеген пәндер бойынша әдістемелік бірлестік жұмыс жүйесін ұйымдастырып, мұғалімдерге заманауи әдістемелік көмек көрсетіп, шығармашылық ізденіспен жұмыс жасауын қалыптастыру үшін, жаңартылған білім мазмұнында оқу мен оқыту үдерісін ұйымдастыру, оқу-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізілсін.

2. Тізімдегі педагог мамандар белгіленген әдістемелік бірлестіктерге бірлестік жетекшісі болып тағайындалсын:

1. Алмыш Ф.А. - бастауыш кластар әдістемелік бірлестік жетекшісі;
2. Нығмет Р.С. - қазақ тілі мен әдебиеті пәндері әдістемелік бірлестік жетекшісі;
3. Жұбат С.Т. - химия, биология, география пәндері бойынша жаратылыстану әдістемелік бірлестік жетекшісі;
4. Жұбаньшова Н.Н. - математика, информатика, физика пәндері әдістемелік бірлестік жетекшісі;
5. Мендибаева Ж.Б. - ағылшын тілі пәндер әдістемелік бірлестік жетекшісі;

6. Раймқұлова А.Б. - орыс тілі мен әдебиеті пәндері тарих және зайырлылық дінтану негіздері, құқық пәндері бойынша гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестік жетекшісі;

7. Туысова А.Е. - эстетикалық пәндер әдістемелік бірлестік жетекшісі;

8. Ермағанбетова Н.Б. - дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәндері әдістемелік бірлестік жетекшісі;

9. Тлембаева Г.А. - сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі (қазақ сыныптары үшін)

10. Каирғалиева Л.Ж. - сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі (орыс сыныптары үшін).

2.1 Әдістемелік бірлестіктер жұмысы мемлекеттік білім беру стандарты мен әдістемелік нұсқау хат негізіне сүйеніп ұйымдастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуы директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Нугумановқа жүктелсін.

№56 ЖОББМ КММ директоры



Наримбетова Г.М.



Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары.

2023-2024 оқу жылы

Бірлестік жетешілері: Тлембаева Г.А.

Каирғалиева Л.Ж.

Әдістемелік тақырып:

Сынып жетекшілерінің шеберлігін арттыру арқылы тәрбиенің нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Методическая тема:

Совершенствование форм и методов воспитания через повышение мастерства классного руководителя.

Максаты:

Жеке тәрбие жүйесін құру кезінде сынып жетекшілерінің шығармашылық іскерлігін іс жүзінде жүзеге асыру үшін жағдай жасау, мектептегі тәрбие процесінің теориясы мен практикасы бойынша білімін арттыру, ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістемесінің теориясын меңгеру, сыныптық іс-шараларды, ұжымдық шығармашылық істерді дайындау, өткізу және талдау кезінде көмек көрсету

Цель:

Создание условий для практической реализации творческого потенциала классных руководителей при создании собственной воспитательной системы, повышение знаний по теории и практике воспитательного процесса в школе, овладение теорией методики коллективного творческого воспитания, оказание помощи при подготовке, проведении и анализе классных мероприятий, коллективных творческих дел.

Міндеттері:

1. Әрбір сынып жетекшісінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруға, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге көмек көрсету.
2. Сынып жетекшілерінде сыныптағы тәрбие жүйесін модельдеу үшін теориялық және практикалық базаны қалыптастыру.
3. Оқушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің бірыңғай қағидаттық тәсілдерін орындауды қамтамасыз ету.

4. Сынып ұжымдарының тәрбие іс-шараларын жоспарлауды, ұйымдастыруды және педагогикалық талдауды үйлестіру.
5. Сынып жетекшісінің қызықты жұмыс тәжірибесін зерделеу және қорыту.
6. Педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін арттыру.
7. Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру.

Задачи:

1. Оказание помощи в повышении компетентности и профессионального мастерства каждого классного руководителя, совершенствовании форм и методов организации воспитательной работы.
2. Формирование у классных руководителей теоретической и практической базы для моделирования системы воспитания в классе.
3. Обеспечение выполнения единых принципиальных подходов к воспитанию и социализации учащихся.
4. Координирование планирования, организации и педагогического анализа воспитательных мероприятий классных коллективов.
5. Изучение и обобщение интересного опыта работы классного руководителя.
6. Повышение творческого потенциала педагогического коллектива.
7. Повышение качества и эффективности системы воспитательной работы школы.

Күтілетін нәтиже:

Сынып жетекшілерінің әдістемелік мәдениетін арттыру және соның салдарынан оқушылардың тәрбие деңгейін арттыру.

ПРЕДПОЛАГАЕМЫЙ РЕЗУЛЬТАТ:

Повышение методической культуры классных руководителей и, как следствие, повышение уровня воспитанности учащихся.

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары.

План работы МО классных руководителей

на 2023-2024 учебный год

№	Тақырыптар	Міндеттері	Жұмыс түрі	Жауапты мұғалімдер	Уақыты
1	Жаңа оқу жылына оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру	1.Тәрбие жұмысын 2023-24 оқу жылына жоспарлау. Планирование воспитательной работы на 2023-24 учебный год.	Әдістемелік отырыс Заседание МО	Тлембаева Г.А. Каирғалиева Л.Ж.	Қыркүйек
2	Мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлау және жобалау қызметі	1. Сынып жетекшілеріне сыныппен тәрбие жұмысының жоспарын жасауға көмек көрсету. Помощь классным руководителям в составлении плана воспитательной работы с классом. 2.2023-2024 жылдарға арналған жұмыс жоспарын бекіту Утверждение плана работы на 2023-2024 уч. г. 3. Жұмыс жоспарларын түзету бойынша сынып жетекшілерімен жеке консультациялар Индивидуальные консультации с классными руководителями по коррекции планов работы.	Жеке әңгімелесу Индивидуальные собеседования	Тлембаева Г.А. Каирғалиева Л.Ж.	Қыркүйек-қазан Сентябрь Октябрь
3.	Оқу жылындағы сынып жетекшілердің өз тәжірибелерімен бөлісуі.	1. 5-кластардың орта буында оқуына бейімделуі, туындайтын мәселелер, оларды шешу жолдары. Адаптация 5-х классов к обучению в среднем звене. Проблемы и пути их решения 2. Сынып жетекшінің ата-аналармен өзара қарым қатынасы «Что лежит в основе взаимодействия родителей с классным руководителем?»	Дөңгелек стол Круглый стол	Мендібаева Ж.Б. Токтасова С.Б. Уразғалиева Д.Б. Дүсіпова А.З. Боранбаева А.А. Даутова А.Т.	19.09.24

4.		<p>I. Как определить уровень воспитанности учащихся?</p> <p>Тәрбие денгейін анықтауда көмек.</p>	Консультация	<p>Магазова А. Н.</p> <p>Балбосынова Ш.Н.</p>	10.10.24
5.		<p>"Отбасы мен мектептің өзара әрекеті: бір бағытта қарау" тақырыбы</p> <p>Тема «Взаимодействие семьи и школы: Взгляд в одном направлении»</p>	Рекомендации	<p>Саматова Л. Т.</p> <p>Тажигулова Л.В.</p> <p>Тенелбаева А.Т.</p> <p>Тржанова А.Д.</p>	14.11.24
6.		<p>Жаман әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы</p> <p>Работа классных руководителей по профилактике вредных привычек и формированию здорового образа жизни</p>	Кеңес беру.	<p>Айтмағамбетова Ә.А.</p> <p>Куянбаева Г.Е.</p> <p>Жалғас А.А.</p> <p>Жандауова М.Т.</p>	12.12.24
7.		<p>"Сыныпта шығармашылық істерді жүргізу әдістемесі"</p> <p>«Методика проведения творческих дел в классе »</p>	Тренинг	<p>Изтелеуова З.С.</p> <p>Танибергенова М.Ж</p> <p>Мулдагарина Д.С.</p> <p>Сатыбаева Г.Г.</p>	16.01.25
8.		<p>Білім беру процесіне қатысушылардың толерантты қарым-қатынасы</p> <p>Толерантные взаимоотношения участников образовательного процесса</p>	<p>Әңгімелесу</p> <p>Беседа</p>	<p>Ибрашева М.Р.</p> <p>Коныршиева К.Х</p> <p>Утеуова К.М.</p> <p>Шаикова Р.С.</p>	13.02.25
9.		<p>"Компьютер және балалар: сәк болыңыз!"</p> <p>«Компьютер и дети: будьте осторожны!»</p>	Тренинг	<p>Утеген Ж.Р.</p> <p>Сулкенова Г.У.</p> <p>Жоламанова А.С.</p>	13.03.25

				Кулумжанова А.С.	
10.		Ата-аналармен жұмыс түрлері Форма работы с родительской общественностью	Ой бөлісу, ситу ациялық жағдай Ситуации, советы	Игликова Л.Е. Сырлыбаева А.И. Даирова Г.Н. Руссу Г.В.	10.04.25
11.		Оқу жылында бастан өткерген негізгі қиындықтар мен проблемалар және оларды шешу жолдарымен бөлісу. Жетістіктерімен бөлісу. Келесі оқу жылына ұсыныстар. Перспективное планирование воспитательной работы на будущий год. Анализ деятельности классных руководителей.	Заседание МО	Руководители МО, кл. руководители	15.05.25

«Тәрбие деңгейін анықтауда көмек көрсету» тақырыбында отырыс өткендігі туралы анықтама

Мақсаты:

Сынып жетекшілеріне оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау бойынша әдістемелік көмек көрсету, тәрбие жұмысын саралау және бағалау құралдарымен таныстыру, оқушылардың тұлғалық дамуын бақылауға арналған тиімді тәсілдерді ұсыну.

Отырыста қаралған мәселелер:

1. Тәрбие деңгейінің көрсеткіштері:

Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтайтын негізгі критерийлер қарастырылды:

- Қоғамдық тәртіп пен мәдени мінез-құлық нормаларын сақтау
- Ұжыммен қарым-қатынас жасау дағдылары
- Құндылық бағдарлары
- Азаматтық, патриоттық, рухани-адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы

2. Сынып жетекшісіне әдістемелік көмек:

Сынып жетекшілерге тәрбие деңгейін бағалау бойынша жұмыс жоспарын қалай құру керектігі, алынған деректерді қалай талдау және тәрбие жоспарына енгізу туралы әдістемелік ұсыныстар берілді.

3. Іс-тәжірибемен бөлісу:

Бірнеше сынып жетекшісі өз тәжірибелерімен бөлісіп, тәрбие деңгейін көтеру мақсатында жүргізген іс-шаралары мен олардың нәтижелері туралы баяндама жасады.

Қорытынды:

Отырыс нәтижесінде сынып жетекшілер тәрбие деңгейін анықтау мен бағалауға арналған тиімді әдістермен танысты. Тәрбие жұмысына жүйелі түрде талдау жүргізіп, алынған мәліметтерді қолдану арқылы оқушылардың тұлғалық дамуын бақылауға мүмкіндік беретін құралдар ұсынылды. Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған нақты әдістемелік көмек көрсетілді.



Өткізген: Магазова А. Н.

Балбосынова Ш.Н.

«Отбасы мен мектептің өзара әрекеті: бір бағытта қарау» тақырыбында класс жетекшілердің отырысы өткендігі туралы анықтама

Отырыстың мақсаты:

Мектеп пен отбасының тәрбиелік өзара байланысын нығайту, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнатып, оқушының тұлғалық дамуына бағытталған бірыңғай тәрбиелік кеңістік қалыптастыру жолдарын қарастыру.

Отырыста қаралған мәселелер:

1. Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығының маңызы:

Қатысушылар бала тәрбиесінде мектеп пен отбасының рөлін, олардың бірлескен жұмысының тиімділігін талқылады. Бірлескен әрекет – оқушының табысты әлеуметтенуінің, дұрыс мінез-құлық пен оқу мотивациясының негізі екендігі атап өтілді.

2. Қиындықтар мен шешу жолдары:

Ата-аналардың мектеппен қарым-қатынасындағы кедергілер мен түсініспеушіліктер, сондай-ақ кейбір ата-аналардың тәрбие процесіне немқұрайлы қарауы мәселелері көтерілді.

Шешу жолдары ретінде:

- Ата-аналармен жеке және топтық кенес беру
- Ашық есік күндері
- Отбасылық іс-шараларға ата-аналарды белсенді тарту ұсынылды.

3. Бірлескен тәрбие жоспары:

Сынып жетекшілер ата-аналармен жыл бойы жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың жоспарын ұсынды. Онда ата-аналар жиналыстары, тренингтер, ата-аналар мен оқушыларға арналған ортақ жобалар қарастырылды.

4. Тәрбиелік көзқарасты біріздендіру:

Мектеп пен отбасының бала тәрбиесіне қатысты ортақ құндылықтар жүйесін қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Бала тәрбиесінде бірыңғай талап пен бағыт болуы қажет екендігіне баса назар аударылды.

Қорытынды:

Отырыс барысында мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру бағытында нақты ұсыныстар мен іс-шаралар қарастырылды. Қатысушылар тәрбие процесіндегі өзара әрекеттің тиімділігі бала дамуының маңызды шарты екенін атап өтті. Отырыс нәтижесінде мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік қатынасты нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары қабылданды.



Өткізген: Саматова Л. Т., Тажигулова Л.В., Тенелбаева А.Т., Тржанова А.Д.

«Компьютер және балалар: сақ болыңыз!» тақырыбында анықтама

Мақсаты: Оқушылардың ақпараттық технологияларды пайдалану мәдениетін қалыптастыру, компьютер мен интернеттің артық қолданылуының зиянды әсері туралы түсінік беру, цифрлық қауіпсіздік пен кибергигиена мәселелеріне назар аударту.

- 1. Компьютердің бала денсаулығына әсері туралы баяндама:**
Мектеп медбикесі мен педагог-психолог балалардың ұзақ уақыт компьютерде отыруы салдарынан туындайтын көз, омыртқа, жүйке жүйесі мәселелері туралы ақпарат берді. Экран алдында отыру уақытының жас ерекшеліктеріне сай шектеулері түсіндірілді.
- 2. Интернеттегі қауіп-қатерлер:**
 - Кибербуллинг, зиянды контент, желідегі тәуелділік мәселелері көтерілді
 - Қауіпсіз интернет-ресурстармен жұмыс істеу, жеке мәліметтерді қорғау жолдары талқыланды
- 3. Ата-аналармен жұмыс:**
Ата-аналарға арналған жадынамалар таратылып, балаларының интернетті пайдалануын бақылау, үйде гаджет қолдануға ортақ ережелер орнату туралы кеңестер берілді.
Сынып жетекшілер «Отбасылық цифрлық мәдениет» тақырыбында әңгіме жүргізіп, пікір алмасты.
- 4. Оқушылармен практикалық жұмыс:**
 - Пікірталас, сұрақ-жауап, постерлер мен көрнекі құралдар арқылы тақырып кеңінен ашылды

Қорытынды:

Іс-шара барысында оқушылар мен ата-аналарға компьютер мен интернетті тиімді әрі қауіпсіз пайдаланудың маңыздылығы түсіндірілді. Компьютерге тәуелділік пен желідегі қауіп-қатерлердің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілерге осы бағытта тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.



Өткізген : Утеген Ж.Р., Сулекенова Г.У., Жоламанова А.С., Кулумжанова А.С.

«Оқу жылында бастан өткерген негізгі қиындықтар мен проблемалар, оларды шешу жолдары, жетістіктер және келесі оқу жылына ұсыныстар» тақырыбында анықтама

Мақсаты: 2023–2024 оқу жылы барысында оқушының оқу процесінде кездескен қиындықтарын, жетістіктерін және оларды шешу жолдарын саралау арқылы келесі оқу жылына тиімді ұсыныстар беру.

Қаралған мәселелер:

1. **Уақытты тиімді пайдалану** – үй тапсырмаларын орындау мен демалыс уақытын үйлестіруде қиындықтар болды.
2. **Күрделі пәндерге бейімделу** – кейбір пәндерді түсіну үшін қосымша түсіндіру мен ресурстар қажет болды.
3. **Қоғамдық белсенділік пен ынтымақтастықтың төмен деңгейі** – кейбір оқушыларда топтық жұмысқа бейімделу қиын болды.

Қорытынды:

2023–2024 оқу жылы оқушы үшін біркатар қиындықтармен қатар, дамуға, шындалуға және жетістікке жетуге мүмкіндік берген маңызды кезең болды. Қиындықтарды жеңу барысында оқушы жауапкершілікті арттырып, уақытты басқару дағдысын қалыптастырды, өз бетінше білім алуға ынталанды.

Жыл қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен пәндік жетістіктер айтарлықтай жақсарды, қоғамдық іс-шараларға белсенділік артты.



Бірлестік жетешілері: Тлембаева Г.А.,
Каирғалиева Л.Ж..

«Жаман әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы» тақырында өткен отырыс туралы анықтама

Отырыс мақсаты:

Сынып жетекшілерінің оқушылар арасында жаман әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында атқаратын жұмыстарын жүйелеу, тәжірибе алмасу және тәрбие процесінде қолдануға болатын тиімді әдістерді ұсыну.

Отырыста қаралған мәселелер:

1. **Жаман әдеттердің (темекі тарту, алкоголь, ұялы телефонға тәуелділік, т.б.) алдын алу жолдары:**
Сынып жетекшілер бұл бағытта қандай әдіс-тәсілдер қолданатынын, оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды ерте анықтау жолдарын, алдын алу шараларын ұсынды.
Мектеп психологы мен әлеуметтік педагог оқушылардың мінез-құлқындағы тәуекел топтарын анықтау, оларға жеке қолдау көрсету бойынша ақпарат берді.
2. **Салауатты өмір салтын насихаттау:**
 - Спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру
 - Денсаулық күні
 - Тематикалық сынып сағаттары мен тренингтер өткізу
 - Дәрігерлермен, спортшылармен кездесу
3. **Ата-анамен жұмыс:**
 - Ата-аналарға арналған жадынамалар, түсіндіру жұмыстары
 - Жасөспірімдердің денсаулығы туралы ата-аналар жиналысында арнайы бөлім енгізу
 - Баланың салауатты өмір салтын ұстануына отбасылық ықпал ету жолдарын талқылау
4. **Тәжірибе алмасу:**
Белсенді сынып жетекшілер алдын алу бағытында жүргізген іс-шараларымен, нақты мысалдармен бөлісті. Проблемалық жағдайларды шешу жолдары ұсынылды.

Қорытынды:

Отырыс барысында сынып жетекшілерінің оқушылар арасында жаман әдеттердің алдын алуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жұмыстары талқыланды. Бұл бағытта жүйелі және кешенді жұмыс жүргізудің маңыздылығы атап өтілді. Отырыс нәтижесінде сынып жетекшілерге арналған әдістемелік ұсыныстар мен алдын алу шараларының жоспары жасалды.



Өткізген: Айтмағамбетова Ә.А., Куянбаева Г.Е., Жалғас А.А., Жандауова М.Т.

«Ата-аналармен жұмыс түрлері» тақырыбында анықтама

Мақсаты:

- Сынып жетекшілердің ата-аналармен жұмыс түрлері туралы түсініктерін кеңейту;
- Ата-аналармен тиімді байланыс орнатудың және ынтымақтастықтың жолдарын талқылау;
- Отбасы мен мектеп арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту арқылы оқушылардың тәрбиесі мен оқу үлгерімін арттыру;
- Алдағы уақытта ата-аналармен жұмыс істеу бағыттарын нақтылау және жоспарлау.

Қаралған мәселелер:

1. Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату барысында кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары;
2. Ата-аналардың мектеп пен сынып өміріне белсенді қатысу деңгейінің төмендігі;
3. Тәрбиелік және ақпараттық жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы кемшіліктер;
4. Қиын жағдайда ата-аналармен жұмыс істеудің психологиялық аспектілері;
5. Ата-аналарға арналған консультация және тренингтердің жеткіліксіздігі;
6. Отбасы мен мектеп арасындағы байланыс арнасын жетілдіру қажеттілігі;
7. Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды жоспарлау мен өткізу мәселелері;
8. Ата-аналардың балалар тәрбиесіне қатысты жауапкершілігін арттыру жолдары.

Қорытындысы:

- Сынып жетекшілер ата-аналармен жұмыс жасаудағы негізгі әдіс-тәсілдер мен түрлерін пысықтап, өз тәжірибелерімен бөлісті;
- Ата-аналармен байланыс орнатудың маңызды екені және бұл жұмыстың балалардың дамуына тікелей әсер ететіні белгілі болды.



Өткізген: Игликова Л.Е., Сырлыбаева А.И., Даирова Г.Н., Руссу Г.В

анықтама

Сынып жетекшілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұжымдық шығармашылық істерді жоспарлау мен ұйымдастырудың тиімді әдістерімен таныстыру және оларды тәрбиелік процесте қолдануға бағыт беру мақсатында төмендегі мәселелер қаралды:

1. **Шығармашылық істердің тәрбиелік мәні:**

Ұжымдық шығармашылық істердің оқушылардың белсенділігін арттыруға, ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыруға, патриоттық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруге ықпал ететіні талқыланды.

2. **Шығармашылық істерді ұйымдастыру әдістемесі:**

- Істі ұйымдастыру кезеңдері: бастама көтеру, жоспарлау, орындау, бағалау
- Оқушының қызығушылығы мен қабілетін ескеріп, істерге белсенді тарту

3. **Шығармашылық жұмыстың түрлері:**

- Танымдық кештер, пікірталастар, шығармашылық байқаулар
- Рөлдік ойындар, сахналық қойылымдар, әдеби монтаждар
- Әлеуметтік және экологиялық жобалар, волонтерлік акциялар

4. **Тәжірибе алмасу:**

Сынып жетекшілер өз тәжірибесіндегі шығармашылық істерді ұйымдастырудың тиімді жолдарын ортаға салып, нақты мысалдармен бөлісті. Қиындықтар мен оларды шешу жолдары да талқыланды.

Қорытынды:

Отырыс барысында шығармашылық істердің оқушылар тәрбиесіндегі орны мен маңыздылығы айқындалды. Сынып жетекшілерге ҰШІ әдістемесі бойынша нақты ұсыныстар беріліп, шығармашылық жобаларды жоспарлау мен талдау үлгілері ұсынылды. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, шығармашылық бағыттағы жұмысты жандандыруға келісім білдірді.



Өткізген: Изтелеуова З.С., Танибергенова М.Ж, Мулдагарина Д.С., Сатыбаева Г.Г.

«Білім беру процесіне қатысушылардың толерантты қарым-қатынасы» тақырыбында анықтама

Мақсаты:

Мектептегі білім беру процесіне қатысушылар – мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар арасындағы толерантты, өзара құрметке негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру жолдарын талқылау және осы бағыттағы тәрбие жұмысын жетілдіру.

Отырыста қаралған мәселелер:

1. Толеранттылық ұғымы және оның мектептегі маңызы:

Педагог-психолог толерантты қарым-қатынастың мәнін түсіндіріп, оның білім беру үрдісінде бейбіт, ынтымақтастық атмосфераны қалыптастырудағы рөлі туралы баяндама жасады. Толеранттылық – өзге көзқарасты, дінді, ұлттық ерекшелікті құрметтеу және тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып жұмыс жасау екені атап өтілді.

2. Оқушылар арасында төзімді қарым-қатынас қалыптастыру жолдары:

- Сынып сағаттарында тақырыптық әңгіме, тренинг, рөлдік ойындар өткізу

3. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара сыйластық:

Сынып жетекшілер оқушылармен тіл табысу, сенімге негізделген қарым-қатынас орнату жолдарын талқылады. Мұғалімнің әдебі мен сөзі — оқушыға үлгі екені ерекше аталды.

4. Ата-аналармен байланыс мәдениеті:

Ата-анамен диалогтық қарым-қатынас орнату, өзара түсіністік пен қолдауға негізделген тәрбие жұмысын жүргізу қажеттілігі айтылды. Мектеп пен ата-ана арасындағы ашық қарым-қатынастың бала тәрбиесіне оң әсер ететініне баса назар аударылды.

Қорытынды:

Отырыста білім беру процесіне қатысушылар арасындағы толерантты қарым-қатынасты қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылып, тәжірибе алмасу жүргізілді. Сынып жетекшілер мен педагогтерге арналған ұсыныстар тізбесі жасалды. Оқушылардың бойында өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мінез-құлық қалыптастыру бойынша тәрбие жұмыстарының жүйесін нығайту қажеттігі атап өтілді.



Өткізген: Ибрашева М.Р., Коныршиева К.Х., Утеуова К.М., Шаикова Р.С.

Жаңа 2023-2024 оқу жылына оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы анықтама

Жеке тәрбие жүйесін құру кезінде сынып жетекшілерінің шығармашылық іскерлігін іс жүзінде жүзеге асыру үшін жағдай жасау, мектептегі тәрбие процесінің теориясы мен практикасы бойынша білімін арттыру, ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістемесінің теориясын меңгеру, сыныптық іс-шараларды, ұжымдық шығармашылық істерді дайындау, өткізу және талдау кезінде көмек көрсету мақсатында және міндеттері төмендегідей:

1. Әрбір сынып жетекшісінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруға, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге көмек көрсету.
2. Сынып жетекшілерінде сыныптағы тәрбие жүйесін модельдеу үшін теориялық және практикалық базаны қалыптастыру.
3. Оқушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің бірыңғай қағидаттық тәсілдерін орындауды қамтамасыз ету.
4. Сынып ұжымдарының тәрбие іс-шараларын жоспарлауды, ұйымдастыруды және педагогикалық талдауды үйлестіру.
5. Сынып жетекшісінің қызықты жұмыс тәжірибесін зерделеу және қорыту.
6. Педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін арттыру.
7. Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру.

Сынып жетекшілері тәрбие жұмысын сапалы жоспарлап, оны тиімді жүзеге асырудың жолдарын меңгерту, ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістерін қолдана отырып, оқушылардың тұлғалық дамуына жағдай жасау, тәрбие процесінде шығармашылық пен ынтымақтастыққа негізделген жұмыс түрлерін қалыптастыру туралы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысында талқыланды.



Бірлестік жетешілері: Тлембаева Г.А.,
Каирғалиева Л.Ж..

Мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлау және жобалау қызметі туралы отырыс өткендігі туралы анықтама

Мектеп ұжымының тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруын қамтамасыз ету, тәрбие жұмысын жоспарлау мен жобалаудың заманауи тәсілдерін меңгеру, сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру және тәрбиелік жобалар арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету мақсатында

Отырыста қаралған мәселелер:

1. Сынып жетекшілеріне сыныппен тәрбие жұмысының жоспарын жасауға көмек көрсету.
2. 2023-2024 жылдарға арналған жұмыс жоспарын бекіту
3. Жұмыс жоспарларын түзету бойынша сынып жетекшілерімен жеке консультациялар

1. Мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары:

Тәрбиенің басым бағыттары (рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық, экологиялық, т.б.) бойынша жүргізілетін жұмыстарға шолу жасалды.

2. Тәрбие жұмысын жоспарлау әдістері:

Тәрбие жоспарының құрылымы, мазмұны, мақсат-міндеттері, айлық және жылдық жоспарлауға қойылатын талаптар талқыланды. Жоспарлауда ұлттық құндылықтарды ескеру, балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп жобалау мәселелері көтерілді.

3. Тәрбиелік жобалау қызметі:

Жобалық қызмет арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жолдары мен түрлері (мысалы: «Мейірімділік керуені», «Эко-жоба», «Жас зерттеуші», т.б.) ұсынылды. Сынып жетекшілеріне жобалық әрекетті тиімді ұйымдастырудың қадамдары түсіндірілді.

Практикалық бөлім:

Қатысушылар топтарға бөлініп, шартты түрде жобалық іс-шараның жоспарын жасап, өз жұмыстарын таныстырды. Сараптама жасалып, ұсыныстар берілді.

Қорытынды:

Отырыста тәрбие жұмысын жоспарлау мен жобалау саласындағы теориялық және практикалық аспектілер талқыланды. Сынып жетекшілерінің жобалық қызметке деген қызығушылығы мен белсенділігі байқалды. Алынған мәліметтер негізінде әрбір сынып жетекшісі өзінің тәрбие жоспарына жобалық элементтерді енгізуге мүмкіндік алды.



Өткізген : Тлембаева Г.А.

Каирғалиева Л.Ж.

2023-2024 оқу жылындағы сынып жетекшілердің өз тәжірибелерімен бөлісуі туралы анықтама

Міндеттері:

1. 5-кластардың орта буында оқуына бейімделуі, туындайтын мәселелер, оларды шешу жолдары;
2. Сынып жетекшінің ата-аналармен өзара қарым қатынасы

Отырыста қаралған мәселелер:

1. Сынып жетекшілерінің тәжірибе алмасуы:
Тәжірибелі сынып жетекшілер өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырудың тиімді әдістері, сыныптағы психологиялық ахуалды қалыптастыру жолдары және оқушылармен жеке жұмыс жасау тәсілдері туралы баяндама жасады. Жаңадан сынып алған жетекшілер өздеріне қажетті әдістемелік ұсыныстар алды.
2. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі:
Психологтың қатысуымен 5-сынып оқушыларының бастауыш пен орта буын арасындағы бейімделу кезеңінде кездесетін қиындықтар (оқу жүктемесінің артуы, пән мұғалімдерінің ауысуы, жауапкершіліктің жоғарылауы, т.б.) талқыланды. Осы кезеңде сынып жетекшінің қолдауының рөлі мен мектеп ішіндегі психологиялық ахуалды жақсарту жолдары ұсынылды.
3. Сынып жетекшінің ата-аналармен қарым-қатынасы және міндеттері:
 - Ата-анамен сенімді, тұрақты байланыс орнату
 - Баланың мектептегі мінез-құлқы мен үлгерімі туралы уақытылы хабардар ету
 - Тәрбие мәселелерін бірлесіп шешу
 - Ата-аналар жиналыстарын мазмұнды өткізу
 - Мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестік қатынасты нығайту

Қорытынды:

Отырыс барысында сынып жетекшілер бір-бірімен тәжірибе алмасып, тәрбие жұмысына байланысты өзекті мәселелерді шешудің нақты жолдарын ұсынды. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін жеңілдету үшін жүйелі түрде психологиялық қолдау көрсету және ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату қажеттігі атап өтілді.



Өткізген: Меңдібаева Ж.Б., Токтасова С.Б., Уразғалиева Д.Б., Дүсіпова А.З.,
Боранбаева А.А., Даутова А.Т.